



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 373.31

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Жаксымбетова Маржангуль Байбосыновна

E-mail: shg24@kst-goo.kz

Ахметова Шолпан Бурабаевна

E-mail: sh\_akhmet@mail.ru

Ертышпаева Жанар Жиентаевна

E-mail: Zhan\_tor@mail.ru

бастауыш сынып мұғалімдері

№ 24 мектеп – гимназиясы

Қостанай қаласы, Қазақстан

### Аңдатпа

Экология мәселесінің біздің заманымызда өзектілігі жоғары. Бүгінде болашақ әлемнің экологиялық қауіпсіздігінің негізін қалау мәселесі бірінші орында тұр. Осы ретте экологиялық тәрбие беру басымдыққа ие болып отыр. Дамыған елдердің кейбірін алып қарасақ, қоқысты сатып алуға дайын, ал бізде қоқысты сұрыптап тастау мәдениеті төмендеу. Сондықтан да бүгінгі ұрпақтың экологиялық мәдениеттілігін жетілдіре отырып, баланың табиғатқа деген көзқарасы мен күнделікті экоәдеттерін дамытуымыз керек. Осы орайда бұл мақаланың негізгі мақсаты: бастауыш сынып оқушыларын су, энергия және қоршаған ортаны құрметтеу, тіршілік көздерін үнемдеуге тәрбиелеуге бағытталған қызықты тапсырмалармен тиімді жұмыстарды ұйымдастыру. «Экологиялық тәрбие» оқушылардың табиғатты қорғау білімін тереңдетеді.

**Түйінді сөз:** экология, тәрбие, ресурстар, қауіпсіздік, табиғат.

### Аннотация

Вопрос экологии очень актуален в наше время. Сегодня вопрос закладки основ экологической безопасности будущего мира стоит на первом месте. При этом экологическому образованию уделяется приоритетное внимание. Если мы посмотрим на некоторые развитые страны, они готовы покупать мусор, но у нас снижается культура сортировки мусора. Именно поэтому, повышая экологическую культуру современного поколения, мы должны развивать у ребенка отношение к природе и повседневные экопривычки. В связи с этим основной целью данной статьи является организация эффективной работы с интересными заданиями, направленными на воспитание у учащихся начальных классов бережного отношения к воде, энергии и окружающей среде, экономии ресурсов. «Экологическое образование» углубляет знания учащихся по охране природы.

**Ключевые слова:** экология, воспитание, ресурсы, безопасность, природа.

### Abstract

The issue of ecology is very relevant in our time. Today, the issue of forming the foundation for environmental security of the future world is in the first place. At the same time, environmental education is our priority. If we consider some of the developed countries, they are ready to buy garbage, but in our country the culture of sorting garbage isn't developed. That is why, while improving the environmental culture of today's generation, we must develop the child's attitude towards nature and daily eco-habits. In this case, the main topic of this article is: organization of effective work with interesting tasks aimed at educating primary school students to respect water, energy and the environment, save life resources. «Ecological education» deepens students' knowledge of nature protection.

**Key words:** ecology, education, resources, safety, nature.

Экологиялық мәселелер – қазіргі заманда әрбір адамның, әлеуметтік топтың, адамзаттың көңілін алаңдатып отырған күрделі жағдай. Бұл мәселелерді шешу ғылым мен техниканың даму дәрежесіне ғана емес, адамзаттың табиғи ортаны қорғау жауапкершілігіне де байланысты. Кәсіпкерлер, өндіріс жұмысшылары, мектеп түлектері т.б. әртүрлі сатыдағы экологиялық қарым-қатынас, олардың адам денсаулығына, биосфера генофондына әсері туралы қарапайым білімдердің өзімен де нашар қаруланған. Мұның негізгі бір себебі – мектеп қабырғасындағы берілетін экологиялық білім мазмұнының нашар жоспарлануы, тіпті қамтылмауы. [1, б. 4]

Қазір экология ұғымына әртүрлі анықтама беріліп жүр. Егер оларды жинақтай келсек, экология – бұл тірі ағзалар мен қоршаған орта арақатынасы, яғни ағзалық және ағзадан жолдары тірі материя сатыларының қоршаған ортамен арақатынасын зерттейтін ғылым деуге болады.

Қазіргі таңда күнделікті өмірде экологиялық проблемалар көптеп кездеседі. Сондықтан да бастауыш сыныптан бастап қоршаған ортаны қорғауға, табиғат ресурстарын үнемдеуге үйрету қажеттілігі туындап отыр. Бұл сұрақтарда қарастыратын аумақты экология болып табылды.

Адам экологиясы адамның биоәлеуметтік ағза ретінде қоршаған табиғи және әлеуметтік ортамен арақатынасын зерттейді. Адам ағзасына геофизикалық, геохимиялық, биологиялық, әлеумет-ті-тұрмыстық, техногендік, т. б. жағдайлар әсер етеді. Қазір ортаның жеке химикаттармен ластануы, оның адам денсаулығына әсері, сол сияқты физикалық (радиоактивті, жылулық, электромагниттік, шудың) жағдайлардың адамға әсері зерттелуде. [1, б. 7]

Ата – баба мұраларына жүгінсек, табиғат әсемдігін санайтын оның сұлулығын бағалай білетін халқымыз, табиғаттың қалпын сақтау үшін тыйым сөздерді көп пайдаланған. Солардың бірі: «Көпті жұлма», «Киелі құс ақуды атпа», «Жерге түкірме, жерді шұқыма» қоршаған ортадағы жан – жануарлар, жәндіктерді қорға деп тыйым сала отырып, болашақ ұрпағын адалдық пен үнемшілдікке тәрбиелеген. Бұл тыйым сөздердің мән – мағынасына үңілсек, олар тиімді ой пікірді қамтиды. Сондықтан да халық ауыз әдебиетіндегі ырымдар мен тыйым сөздердің экологиялық тәрбие беруге маңыздылығы зор. [2, б. 13]

Мысалы мынадай тапсырма үлгісін ұсынуға болады. Суретке қара. Сурет арқылы тыйым сөздерді айт. Қандай ой қорытар едің?



Өз достарыңа қандай ақыл кеңес берер едің?

II. Экологиялық жағдайларды көре отырып, экологиялық білім беруді өз тәжірибемізде келесі жұмыс түрлерін ұйымдастыру арқылы жүзеге асырып жүрміз.

1. Экологиялық сөздік жүргізу.
2. Экожаднама жасау.
3. Қоректік тізбек құру.
4. Сүйеніш жүйелерін құру.
5. Экокарточкалар жасау.
6. Экологиялық нұсқаулар
7. Экокарта сызу.
8. Экологиялық сынытан тыс жұмыстар өткізу.
9. Экологиялық ертегілер кою.

Кейбір түрлеріне түсініктеме бере өткенді жөн санадық.

1. Экологиялық сөздік – бұл мұғалімнің сабақта жүргізетін тірек сөздермен жұмысы. Мақсаты: оқушыларға экологиялық сөздердің мағынасын ашып, мәнін түсіндіру арқылы экологиялық сауаттылығы мен мәдениеттілігін, тіл байлығын дамыту. Сөздерге түсініктеме, терминдерге қазақша баламасы беріледі. Мысалы: Апат (авария) – зауыттарда станок сынғанда, ұшақтың двигателі істен шыққанда, т.б. адамға және қоршаған ортаға қатері бар кез келген істен шығу. Цемент зауытында әрбір ауаға көп шаңның шығуына әкеп соғады. Сол сияқты машиналар қақтығысында жанармай төгіледі. Танкерлердің апатынан теңіз бетін мұнай қабығы басады. Әрбір елде апат зардаптарын жоятын арнайы қызмет құрылған. Бүлінулерді болдырмау үшін сенімді механизмдер мен агрегаттар құру керек.

Сөздік жаңа сөздермен толықтырылып отырады.


2. Экожаднама – альбом, газет, кітапшалар т.б. шығару, Мысалы: «Қазақстан қорықтары» кітапшалары, «Өскен өлкем» альбомы, «Табиғатта жүру ережелері», «Өнем – қоғам қуаты» т.б. Қазақстанда жойылып бара жатқан өсімдіктері мен жануарларын таныстыру, қорғау мақсатында оқушыға арналған анықтамалық сөздік құралы шығарылды.

Бұл кітапшада «Кызыл кітапқа» енгізілген Қазақстан өңірінде кездесетін өсімдіктер мен жануарлар туралы, оларға қысқаша сипаттама беріледі.



Сурет № 1

3. Қоректік тізбек құру. Табиғаттағы тірі ағзалар арасында әрқайсысы келесі буынға азық болатын байланысты қоректік тізбек деп айтамыз. Барлық қоректік тізбек қоректік байланыс торына біріктіледі. Осыдан экологиялық пирамида деген ұғым келіп шығады. Бұл ұғымдарды экологиялық сөздіктен аламыз, мысалы: «Жаратылыстану» пәнінен табиғаттағы көзге көрінбейтін байланысқа көптеген мысалдар табуға болады. (сурет №1) Мысалы: 1 кг, бидай жылда 1 тышқан, ал 1 жапалақ 1 жылда – 1000 тышқан, 1 қарлығаш 1 жылда 1000000 маса, шыбын–шіркей ұстайды.



1

4. Сүйеніс жүйесін құру – жаңа білімнің негізгі құраушы бөліктерін анықтап, жүйелі түрдегі байланысын схема түрінде көрсете отырып, менгерту. Мысалы: қышқылдық жаңбырлар – өндірістік, транспорттық газдардан, химикаттардан атмосфераның ластанып, жауын–шашын түрінде жерге түсуі.

Сурет № 2

Мұндай жауын–шашын өсімдіктер мен жануарларға, ағаштар мен балдырларға, құрылыстар мен адам денсаулығына қауіп төндіреді.

(сурет № 2).

5. Экокарточкалар – бұл табиғатта өзін ұстай білу, жүру ережелері негізінде құрылған, табиғатты қорғау, қызықтау мақсатында салынған мазмұнды суреттер. 2 түрге бөлуге болады:

а) тыйым салатын экокарточкалар сурет кою қызыл бояумен сызылады. «Құс ұясын бұзба!», «Өзен суын ластама!», «Орманда шулама!», т. б.

ә) насихаттайтын экокарточкалар «Табиғат әсемдігін сақта!», «Құс әніне құлақ сал!», «Құстарды аяла», т. б. (сурет № 3)



Сурет № 3

6. Экологиялық нұсқаулар – бір кездерде педагогикада кең таралған, қазір Батыс Еуропада кең өріс алған және біздің оқу жүйемізге енді қайтарыла бастаған жұмыс түрі. Әрбір нұсқау – экологиялық мәдениеттілікті дамытуға бағытталған кішкене бір жұмыс бөлігі, қысқа мерзімдік, жылдам өзгертіп отыруға болады. Ұсынылған нұсқаулар бастауыш сынып оқушыларына тартымды, қызықты болады деп есептеуге болады.

**Нұсқау № 1:** «Табиғаттың шағым кітабы» (3–4–сын. арн.) Мақсаты: табиғаттан түскен шағымдарды қарастырып, жауабын табу.

1. Шарым жазылады.

2. Талданып жауабы берілді.

Балаларға арналған суреттермен әрлендірілуі қажет.

**Нұсқау № 2:** «Көрген жануарлар шеруі» (2–4–сын. арн.) Көрген жануарлардың суретін, фотосын жинап, аттарын жазып, сипаттау. Баланың есте сақтау, іздену, сөздік қорын, байқағыштығын дамытады. Қорытынды ретінде көрме ұйымдастырып, жануарлармен болған қызықты кездесулер жайлы айтып беруге болады.

**Нұсқау № 3:** «Тамшылар» (4–сын. арн.)

Бұл үнемділерге арналған нұсқау.

Мақсаты: таза судың дұрыс қолданылуын, үнемделуін қадағалау.

I бөлімі: «Суды қалай жоғалтамыз?» Мектептегі, үйдегі су көздерін қадағалап, 1 сағатта, 1 күнде әр бала қанша пайдаланатынын есептеу.

II бөлімі: «Суды қалай үнемдейміз?» Жауабын тауып, ескерту белгілерін кою, плакат, газет, кітапша шығару.

**Нұсқау № 4:** «Тәртіпсіздік хроникасы» (1–4–сын. арн.)

Мақсаты: табиғатта болып жатқан қауіпті істерді белгілеп, шешу және алдын алу жолдарын қарастыру. «Қаламыздың шетінде орналасқан қарағайлы орманнан көңілсіз хабар келіп түсті. Белгісіз топ қарағайларды кесіп, ұрлаған, қылмыс белгілері қалған. Орман тұрғындары қобалжуда, қылмыскерлерді айтуға батпайды. Қылмыскерлерді ұстап, жазасын беруге және бізді олардан қорғауға көмекке шақырамыз». Балалар шешімін тауып, оқулық, қосымша әдебиеттің көмегімен шешімдерін дәлелдеу қажет.


7. Экокарта – бұл тұрған жердің ластану көздерін анықтап, қоқыстар, өзен суы уланған жерлерді көрсете отырып, сол жердің картасын сызу. Такырыпқа арналған карталар да сызуға

болады. Мақсаты: маусымдық өзгерістерді бақылау арқылы, экокарта сызуға үйрену. Шартты белгілерді оқи білу қабілетін дамыту.

I кезен: шартты белгілермен танысу:



Қалған шарты белгілер өз қалаулары бойынша таңдалады.  
Мысалы:



8. Экологиялық сыныптан тыс жұмыстар – экоконференциялар, экошоу, кеш, сайыстар, мерекелер өткізу.

9. Экологиялық ертегілер – өсімдік, жануарлар тіршілігіне қорғау, аялау, сақтау мақсатындағы көзқараспен қарап, адамзаттың табиғатқа тигізетін әсерін көрсету.

Қорытындылай келе жоғарыдағы аталған жұмыстар арқылы бастауыш сынып оқушыларына өз табиғатымызды сақтап, табиғат ресурстарын үнемдей білуге үйрете отырып, қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыруға болады.

Қазіргі кезде жер шарында жаппай экологиялық апаттың таралуы және оның алдын алу мақсатында табиғатты қорғау жұмыстарын жетілдіруде. Демек, бастауыш сынып оқушыларына экологиялық мәселені шешу қажеттілігі маңызды болып саналады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Г. Дулатова Экологиялық білім берудің негізгі мәселелері. Бастауыш мектеп 2001 ж. № 6
2. С. Сарбасова Жас табиғат қорғаушысы Мектептегі мерекелер 2015 ж. №7